



Ел жүргі - елорда шекіресі

АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ


Фариза феномені

Ұлттық академиялық кітапханада Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фариза Оңғарсынова туралы «Білмейсіндер, мені әлі білмейсіндер» атты естелік кітаптың таныстырылымы болды. Әдеби шарага елордадағы зиялды қауым мен Атырау мен Маңғыстаудан келген делегация өкілдері қатысты.



Бұл жинақ «Фариза Оңғарсынова» атындағы қайырымдылық қордың қолдауымен жарық көрді. Кітапты құрастырған – журналист Гұлсім Оразалықзы. Айтулы еңбекке Әбділда Тәжібаев, Әбіш Кекілбаев, Серік Қирабаев секілді әдебиет альптарынан бастап, өмірде ардақты ақынмен жақын сыйласқан, шығармашылығын қадір тұтқан замандастары мен қаламдастарының естеліктері топтасқан.

Басқосуды Мәжіліс депутаты, белгілі қаламгер Сауытбек Абдрахманов жүргізіп, арғы-бергі дәуірде ғұмыр кешкен жақсылардан тартып, солардың өнегелі жолын жалғаған асыл ақын туралы ақтарылып сөйледі.



«Өткен ғасыр ортасында халық «қарағайға қарсы біткен бұтақтай» тұлғалардың төнірегінде топтасып, соларды құрметтеу арқылы өз мінезін көрсеткісі келді. Билікке иілмеген сайын Бауменді жүрт жақсы көрді. Сол жылдарда осындай фенемон құбылысты әйел баласынан жасаған адам – Фариза Онжарсынова. Біз Фаризаны қазақ әдебиетінің жарық жүлдзызы, жырымыздың топтан озған жүйрігі деп қана бағалаймыз. Оның феноменін ұғы үшін бабаларымыздың қызы баланы қонақ деп қадірлейтін ерекше қасиетін түсіну қажет. Онжарсынова арқылы қазақ қоғамында қызы бала қадірлірек бола түсті. Эйел адамның абыройы артты. Өйткені Фаризаның ықпалы әдебиет пен мәдениеттің маңайынан асып, құбылысқа айналды» деп парасатты ой қозғады. Одан кейін сөз кезегі тиген белгілі қоғам қайраткерлері Өмірбек Байгелді мен Оралбай Әбдікәрімов талантты тұлғаның адами болмысы жайында әсерлі естелік айтты. Жарық дүниеде аяулы кісімен жақын бауыры болып араласқан, бүгінгі Мәжіліс депутаты Бақтықожа Ізмұхамбетов Фариза есімін дін жолын берік ұстаған атасы қойғандығын әңгімеледі. Ал белгілі қайраткер Равил Шырдабаев: «Ол ерекше адам болды. Қайраткерлік қыры да бөлек. Тәуелсіздік алғаннан кейін екі әйел ғана жазушы халық қалаулысы атанды. Соның бірі – Фариза. Біздің өнірдің табиғатын оның шығармаларынан білуге болады. Мәселен, одан Каспийдің ерке толқынын, Нарын құмының гүлін немесе жусан мен адыраспанның иісін сезінесіз» дей келіп, Атырау облысының әкімі болып тұрғанда Жұмакен мен Фаризаға еңсөлі ескерткіш тұрғызған Б.Ізмұхамбетовке ризашылығын білдірді. Сондай-ақ, шара барысында Бірғаным Әйтімова, Оразқұл Асанғазы ақынның қайраткерлік қырларына тоқталды. Көрнекті тұлға Қаратай Тұрысовтың

зайыбы Әскергүл апа дарынды жанның қайсар мінезін дәріптеді.
Халқымыздың тағы бір қайраткер қызы Зәуре Қадырова оның сырқаттанып
жүргендегі соңғы сәттерінен сыр шертті. Белгілі сатирик Көпен Әмірбек
Фариза апамызбен Түркіменстанға барған сапарындағы бір оқиғаны айтып,
жиналғандарды ду күлдірді.

Қысқасы, ойымызды Сауытбек ағаның «бұл кітап тұтастай дерлік адам
Фаризаны ашуға арналған» деген сөзімен түйіндересек болады.